

"Үлбі металлургиялық зауыты" акционерлік қоғамының тантал қалдықтарын және сынығын әкелуі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 1211 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 288-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Үлбі металлургиялық зауыты" акционерлік қоғамына 2008 жылдың аяғына дейін 8103 30 000 0 ТН ВЭД ЕврАзЭС коды бойынша 194 114,42 кг мөлшерінде тантал қалдықтарын және сынығын, оларды Шығыс Қазақстан облысының аумағында өңдеу үшін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі